

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ	Мектепалды даярлық				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	5-6 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Тоғызбаева Жақсыгүл				
Жоспардың құрылу кезеңі	12.09-16.09.2022				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	12.09.2022	13.09.2022	14.09.2022	15.09.2022	16.09.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсаты. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсаты. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсаты. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.
	Құрылыс ойындары. «Иттің үйшігі». Мақсаты. Балалардың қиялын,	Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсаты. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды	Үстел үсті ойыны. «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру». Мақсаты.	Үстел үсті ойыны. "Лото". "Үй жануарлары". Мақсаты. Балалардың зейінін	Санамақ. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар,

	зейінін, жануарға сүйіспеншілігін дамыту. Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "«Суыр, сұңқар, су қайда?» ертегісі" Мақсаты: балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына өте қажет екендігін түсіндіру.	топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Түрлерінің ұқсастықтарына қарай әрбір бала қандай да бір геометриялық пішінді алады, соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Ауа райын болжаймыз" Мақсаты: балаларға табиғаттағы ауа-райы жағдайын (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру;	Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі." Мақсаты: ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету. Дидактикалық ойын: "Ол қандай?".	дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Карточкаларды түсіне қарай іріктеу. Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)" Мақсаты: балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге	Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық ... Сен, қал! Сен, шық! (Қадыр Мырза Әли)
--	--	---	--	--	---

	Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру.	табиғаттағы ауа- райына қатысты халық болжамдарымен таныстыру. Логикалық жаттығу "Жыл мезгілдерін ретімен салып шық".		жатыттықтыру. Жаттау жаттығуы: "Қазақ халқының тәулік бөліктері".	
Таңертенгі жаттығу	Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. 1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу 3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - оң аяққа еңкею. 2 - ортаға еңкею. 3 - сол аяққа еңкею. 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - оң аяқпен секіру. 1 - 4 - сол аяқпен секіру. 1 - 4 - екі аяқпен секіру.				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Екі қол. Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)				

	Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашып, қуанады) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұрып, екі алақанды, үйкейміз солға бұрып үйкейміз) М. Жаманбалиев				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу.	Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу.	"Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны. Мақсаты. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу.	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгіл өзгерістерін талқылау.	"Жәндікті ата" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "Сөйлеммен танысайық" Мақсаты: балалардың білім-білік дағдыларын қалыптастыра отырып, сөйлем, сурет бойынша	Музыка "Менің әжем ең жақсы адам" Мақсаты: балаларды нотамен таныстыру және нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп,	Дене шынықтыру "Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру" Мақсаты: балаларды қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүруге үйрету; баянат (рапорт)	Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыспен танысайық" Мақсаты: балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігі туралы түсінік беру.	Дене шынықтыру "Допты еденнен ыршытып жоғары лақтыру" Мақсаты: Балаларды тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүруге; жұптасып бір

	сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Сөздерді орнына келтір". Дене шынықтыру "Спорт-көркі өмірдің". Мақсаты: балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын дамыту. "Бос орын" қимылды ойыны.	сипатын ажырата білуге үйрету. "Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалық ойын. Жапсырудан ойын-жаттығу. "Қоян сәбізді жақсы көреді" Мақсаты: балаларды мақта табақшаларын қайшының көмегімен тең ортасынан екі бөлікке кесіп, кесілген бөліктерден қоянды жазық қағаз бетіне жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын: "Жасырынып тұрған қояндарды тап".	қабылдау ережесіне дағдыландыру. "Ақ қоян" қимылды ойыны. Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Құстар қалай қайтады?" Мақсаты: балалардың құстар туралы білімдерін кеңейте отырып, торғайдың жылы жаққа ұшып кететіні туралы мәлімет беру.	Дидактикалық ойын: "Сөз ойла, тез ойла". Музыка "Бақа, бақа, бақ-бақ" Мақсаты: балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. Дидактикалық ойын: "Күннің көзі және бұлт".	қатармен жүгіруге; қос қолмен қағып алуға (4-5 рет) үйрету. "Допты бер де тұр" қимылды ойыны. Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жаңбырлы күн" Мақсаты: балаларды дымқыл қағаз бетінде бояуларды араластыру техникасына үйретуді жалғастыру; сұр, көк, күлгін түстердің реңктерін талғаммен қолданып, қылқаламмен жаңбырлы күн құбылысын салу техникасын игерту. Сөздік жаттығу: "Жаңа сөзді құрастырайық".
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				

Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	Торғайларды бақылау. Мақсаты. Торғай туралы білімді бекіту және бақылауды жалғастыру; сөздік қорларын торғай туралы көркем сөзбен байыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы сыпыру. Мақсаты. Еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Ұядағы құс". Мақсаты. Белгі бойынша екі аяқпен секіру;	Қайыңды бақылау. Мақсаты. Қайыңға тән белгілерді бақылауды жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару. Мақсаты. Түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Түстерді тап". Мақсаты. Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен	Жапырақтарды бақылау. Мақсаты. Алтын күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсуі" ұғымымен таныстыру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақшадағы қоқыстарды жинау. Мақсаты. Жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Үйінді тап". Мақсаты. Ептілікті, белгі бойынша жылдам	Көліктерді бақылау. Мақсаты. Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуге үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге деген ұмтылысын қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: күрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге жинау жолдары. Мақсаты. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс	Жерде жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты. Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. Мақсаты. Жұмысты бірлікте орындауға деген ұмтылысты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аттар".

	ептілікті, зейінділікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	ойындар. Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. Бір аяқпен орнында секіру. Мақсаты. Шапшаңдықты дамыту.	ойындары. "Түрлі-түсті көліктер". Мақсаты. Физикалық белсенділікті заттарды пайдаланып (рульдермен), ойын арқылы дамытуды жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. Орыннан екі аяқпен секіру. Мақсаты. Шапшаңдықты дамыту.	Мақсаты. Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; "Ер қанаты - ат" деген ұғымды қалыптастыру; жарыса ойнауға үйрету, ұлттық дәстүрді тәрбиелеу. Барысы. Балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді сол топ жеңіске жетеді.
--	---	--	---	--	--

					Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.	Вариативті компонент - Ағылшын тілі	Вариативті компонент - Жас зерттеуші	Қазақ тілінен ойын-жаттығу. "Отбасы	Қазақ тілінен ойын-жаттығу. "Уақыт. Күн тәртібі

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Саяхатшы балалар" Мақсаты: балалардың қоршаған табиғат туралы өрісін кеңейту; саяхаттау және жабайы табиғатта тәртіп ережелерімен таныстыру. Дамытушы ойын: "Қайда барсаң, соңы табасың". Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсаты. Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға	"Saying goodbye. Letter Bb" Мақсаты: "Goodbye!, bear, bee" лексикалық бірліктерін беру. Қарым – қатынас дағдыларымен білімін қалыптастыру. Didactical game "Show me". Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсаты. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты.	"Жер әлемі" Мақсаты: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; ауа мен судың ластану себептерін, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру. Дидактикалық ойын: "Жер, су, ауа". Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсаты. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.	мүшелері". Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру. Ауызша жаттығу "Туыстар". Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсаты. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту,	және тәулік бөліктері". Балалардың күннің бөліктері туралы білімдерін кеңейту, күндер, күн тәртібі туралы тұрақты түсінік қалыптастыру. Ауызша тәжірибелік жаттығу: "Қай уақытта орындаймыз?". Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да түсін ата". Мақсаты. Балалардың допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атай білуде жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату,
---	--	---	--	--	---

	кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет. Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". Мақсаты. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындардағы әдептілік, тамақтану	Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқаруы мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін. Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!" не "Су!", не "Аспан!", не "Жер!" деп, допты қолға лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, су асты жануарын атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не	Шарты. Жүргізуші. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".	дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауыштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын	зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту. Құралдар. Доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді. Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк". Мақсаты. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк
--	---	---	--	---	---

әдебі ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлерінің (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Шарты. Алдымен педагог аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін әртүрлі тағамдарды дайындау қызметі және оның маңызы туралы балалармен	жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау. Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". Мақсаты. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ветеринарлық	Мақсаты. Балалардың түсінігіндегі зообак, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообак қызметкерлеріне	артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б.. Сюжетті-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". Мақсаты. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде	өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай
--	---	---	---	--

	әңгімелеседі. Суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады. Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келмей тұрып (балалар орындарында отырып),	емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық емхана жайында әңгімелесу керек. Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай	қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты. Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай	екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды	құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды.
--	--	---	---	---	--

қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде, балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға тағамдарды әкеліп, соңында "төлемді" жасайды. Балаларға "даяшы" , "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдалануы тиіс. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың	дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек. Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау	құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге	тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды	Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады.
--	--	--	--	--

	әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдарды татуы үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; "рақмет" және "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану - адамның қоғамдық жердегі ережелерді орындаудағы негізгі міндеті.	сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы тиіс.	қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту.	алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек.	
Балалармен жеке жұмыс	Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу.	"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер	Тақпақ айтқызу. "Күзде" (Ескен Елубаев)	"Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар	Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне

		қарастыру.	Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз!	қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету.	байланысты жұмбақтар шешу.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Жанды және жансыз табиғат" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.				

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар. Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры. Арт-терапиялық суреттер бояу. Театрландырылған қойылым. "Үйшік" ертегісі. Мақсаты. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні. Шарты. Педагог балаларға алдын-ала "Үйшік" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы талдау жасатады.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?»	Ата-аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.	«Менің достарым» атты тақырыпта әңгімелесу.

		тақырыптарына әңгіме жүргізу.			
--	--	----------------------------------	--	--	--

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**